




Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

«Өз университетіміз – өз қолымызбен!»

немесе СҚО сүрлеуі қайта жанданды



25- маусымда университетіміздің бас алаңында ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойына орай студенттер құрылыс жасағының «Өз университетіміз – өз қолымызбен!» атты мерекелік шара өтіп, салтанатты түрде студенттер жасағының үшінші еңбек семестрі ашылды. Нақ бір жауынгерлердей сап түзеген жасақтар бірінен соң бірі шеруге дайындығынан хабар беріп, олардың әскери нақыштағы қимылы бойға ерекше патриоттық сезім сыйлағандай. «ҚазҰУ студент жасағы, қашанда еңбектің кәусары» деп ұрандатқан жастар дауыстарында нық сенім бар. Ол сенім әр жасақ өткен сайын үдей түскендей.

Еңбек семестрінің ашылуымен құттықтаған ректорымыз Бақытжан Тұрсынұлы сарбаздарға ерекше ықыласпен тіл қатты. «Сонау 1969 жылы студенттік құрылыс отрядтары жұмысын бастап еді. Міне, талай жыл өтті. Осы уақыт аралығында жастайынан еңбекпен шыныққан жастар арасынан талай-талай мемлекет қайраткерлері, жазушылар мен ақындар, ғалымдар мен ұстаздар шықты. Сіздердің араларыңыздан болашақта сондай еліне сыйлы азаматтар шығатынына бек сенімдімін» деп бастады сөзін ректор. Сөзсіз студенттердің ұлттық университетте жинаған тәжірибелері үлкен өмірде зор көмек болатынына күмәніміз жоқ. Әсіресе, биыл университетіміздің 75 жылдығы қарсаңында артқа қарап қандай іс атқардық, қандай мамандар даярладық деп сауал қойсақ, қара шаңырақтың түлектері Қазақстанның, тіпті әлемнің түкпір-түкпірінде жұмыс істеп, ҚазҰУ-дың туын өте биік көтеріп келе жатқаны да шындық. Сондықтан, аяғын нық басқан сарбаздарға жиналған қауым үлкен сеніммен қарады, оларды университеттің, Қазақстанның тірегіне

балады. «Бүгінде кезінде ұмытылып кеткен маңызды іс-шара қолға алынып отыр. Кезінде студент жасақтарының саны 1000-ға жететін, бүгінде 150-ге жуық. Бірақ мен әрқайсыларыңызды 10 адамға татиды деп сенемін. Алда бұл қозғалыс кең сипат алатыны айқын. Үшінші студент семестрі нәтижелі өтсін. Қалашығымыз одан әрі жайнай түссін. Келген қонақтар, университеттің табалдырығын аттаған азаматтар ҚазҰУ-ға қарап таңдansa, қазақ білім-ғылымының алтын ордасы деп таныса, әлем жұртшылығы Қазақстанның Кембриджі, Гарварды, Оксфорды деп баға берсе, мақсатымыздың орындалғаны деп білемін. Заман басқа, 60 жыл бұрынғы кезбен салыстыра алмаймыз, бірақ бүгінгі жастарымыз тәжірибелі, жан-жақты білімді. Себебі, сіздер тәуелсіздіктің ұландарысыздар. Елбасымыздың ерен еңбегінің арқасында әлем танытын ел болдық, өзге мемлекеттермен тереземіз тең болды. Баршаңызға тілейтінім Елбасының, ата-аналарыңның, ұстаздарыңның сенімінен шығыңыздар» деген Бақытжан Тұрсынұлы тілегін дүйім жастар сілтідей тынып тыңдады.

Ал Алматы қалалық құрылыс және жастар еңбек жасақтарының қоғамдық бірлестігінің төрағасы Алмасбек Нұғманов еліне, жеріне, Алматы қаласына, туған университеттеріне қызмет етіп жатқан студенттер еңбегіне жеміс тілеп, кезінде университет ректоры Бақытжан Жұмағұловтың құрылыс жасақтарының бел ортасында жүріп, көзге түсіп, көш бастағанын жастарға үлгі етті. Құрылыс жасағының арнайы жейдесін университет ректорының иығына жапты. «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының жетекшісі Данияр Сүндетбаев ҚазҰУ қалашығының гүлденуіне тікелей үлес қосып жатқан жастарға сәт сапар айтты.

«Болашаққа болжау жасау үшін тарихқа үңілу керек» деген екен ғұлама әл-Фараби. ҚазҰУ-да алғашқы студент құрылыс жасағы 1963 жылы құрылды. Қазақстан қалалары мен селоларының құрылысына белсенді үлес қоса отырып, Ресей, Украина, Молдовия, Белоруссия, Қырғызстан, Өзбекстан, Моңғолияда еңбек етті.

(Жалғасы 3-бетте)

Ұлттық университетіміздің басшысы Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловтың белсенді жастармен кездесуі жылдан-жылға дәстүрге айналған үрдіс. Бұл игі бастама биыл да жалғасын тапты. Осымен үшінші мәрте өткізіліп отырған басқосу Ә.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында жүзеге асты. Білімнің қайнар бұлағынан сусындап, ел, жер, Отан үшін еңбек ету нағыз азаматтықтың белгісі болар.

Алтын көпір айғағы

Кездесу жөнінде бір ай бұрын хабарланғандықтан, екі тараптан да кездесуге зор мән беріліп, кең ауқымды дайындық жүргізілді. Осыдан бір жыл бұрын мамыр айында өткен жиында ректор студенттермен бірінші рет бас қосып, тілек-талаптарын ескеріп, ойдағы сауалдарының мәнісімен танысқан болатын. Сондықтан, бұл жиын ректордың бір жыл ішінде жасалған жұмысының есебі десек те болғандай. Былтырғы жиыннан кейін университеттің Жастар комитеті «Ректорға сауалынды қой!» ұранымен бірнеше акцияларды өткізіп, кездесуге арналған сауалдарды студенттер бір ай бұрын университет сайты мен ректордың жеке поштасына жіберіп, біраз келелі мәселелерге жауап іздеген еді.

Кездесуде сарайға жастар қауымы лық толды. Жастар комитетінің төрағасы Марат Оралгазин және студенттер Сенатының төрайымы Ғайни Серімге Сарай төрінен орын берілуі де университет ректорының студенттік өзін-өзі басқаруға ерекше мән беретіндігін тағы бір

мәрте паш етті. Ректор жиын барысында жастарды мазалап жүрген мәселелерді білу үшін еркін өңгімеге тартып, көптеген мәселеге қанықты. Жиналған студенттердің саны екі мыңнан асты, қатысушылардың басым бөлігін университет студенттерінің қоғамдық бірлестігі, студенттердің өзін-өзі басқару ұйымы, студенттер көсіподағы, студенттер жатақханасының кеңесі құрады.

Биылғы университет басшылығы мен студенттердің кездесуі ойымыз бен бойымыз үйренген жаңа пішінде өтті. «Арамызда бөтен адамдар жоқ» деп сөз бастаған басшымыз Бақытжан Тұрсынұлы студенттерді ең басты деген жайттардан хабардар етті. Алдымен студенттердің өзін-өзі басқару жолын қолға алумен қатар, қоғамдық белсенділік танытып жүрген жастарға үлкен қолдау керектігін, қазіргі заман талаптарына жауап беретін мемлекеттегі ірі жоғары оқу ордасының тәрбие жұмыстарын жетілдіру мәселесін талқылауды ұсынды.

(Жалғасы 3-бетте)



санда: БҮГІНГІ

Ұлттық журналистиканың алтын ғасыры алда



4-бет

Сандар сыр шертеді



7-беттер

Студенттердің қарашақырақтың 75 жылдығына тартуы



8-бет



■ Кабілеттілік

Елбасының съезде қойған міндеттеріне ат салысайық!



Президент «Жасампаздықтың он жылы қоғам мен ел игілігіне» деп аталған өз баяндамасының бірінші бөлігінде соңғы он жылда еліміз қол жеткізген табыстары мен жетістіктеріне қысқаша тоқталып өтті. Біздің көз жеткізгеніміз - ол нәтижелер салмақты да ауқымды екен. Он жылда ел ІЖӨ-сі 8 есеге ұлғайып, жан басына келетін ІЖӨ 1000 доллардан 8400 долларға дейін өскен. Сөйтіп, Орталық және Шығыс Еуропаның бірқатар мемлекеттерінің көрсеткіштерімен теңесіп, сыртқы сауда айналымы 10 есеге, денсаулық сақтау мен білім беруді қаржыландыру 8,5 есеге ұлғайған. Көптеген жаңа зауыттар ашылып, жаңа жолдар төселген, осы заманғы үйлер, мектептер, ауруханалар салынған. Осылай, өткен он жыл - бұл серпінділік уақыты, бұл Қазақстанның қауырт, жоғары қарқында даму уақыты болды. Оған бәріміз де куәміз, өз көзімізбен көрдік, жетістіктерімізге қуандық, қателіктеріміз бен кемшіліктеріміз болса,

оған налыдық, бірақ қол қусырып, қарап отыра алмадық. «Қимылдаған қыр асар» дегендей қозғалыста, іс-қимыл әрекетте болдық. Бүкіл осы жылдарда біз мемлекетімізді нығайтуға көп күш пен қаржы жұмсадық. Жаңа елордамыз Астананың салынуы да тәуелсіздік жылдарындағы ең алып та жасампаз жобамыз болды.

Елбасы осындай көп нәрсеге қол жеткізгенімізді атай келіп, «Партияның дағдарысты еңсерудегі рөлі» деген сөзінің 2-ші бөлігінде дамудың жаңа кезеңіндегі жаңа басымдықтарды анықтап берді. Онда қазіргі кезең әлемдік қаржы дағдарысымен сәйкес келіп отырғаны атап көрсетілген. Сондықтан, съездің күн тәртібіндегі негізгі мәселе - «Нұр Отан» партиясының әлемдік дағдарыс салдарын еңсерудегі және Қазақстанды жаңартудағы рөлі туралы болды.

Жасырары жоқ, Қазақстан дағдарысқа қарсы шараларды жедел іске асыруға кіріскен әлемдегі алғашқы мемлекеттердің бірі. Мемлекет басшы-

Таяуда ғана еліміздің саяси сахнасында салмақты орны бар, Қазақстандағы ең ірі саяси ұйым, көшбасшы партия «Нұр Отан» ХДП-ның кезектен тыс XII-съезі болып өткені белгілі. Шара партияның 10 жылдық мерейтойына да сәйкес келді. Онда негізгі болып «Нұр Отанның» 2009-2012 жылдарға арналған іс-әрекеттер стратегиясы туралы мәселе қаралды. Съезде Қазақстан Республикасының Президенті, партия төрағасы Н.Ә.Назарбаев сөз сөйледі. Бұл форумда көптеген мәселелер көтеріліп, бірталай ұсыныстар айтылды. Кезектен тыс съезде «Нұр Отан» өзін нағыз патриоттардың, шынайы мемлекетшілдердің партиясы екенін тағы да қуаттап берді. «Нұротандықтар» еліміздің және қоғамымыздың тағдырына, Отаны үшін жаны күйіп, өміріміздегі ойландырып, толғандырып жүрген өзекті мәселелерге бейтарап қарай алмайтындықтарын көрсетті.

сының тапсырмасы бойынша, Үкімет тұрақтандыру жоспарларын қабылдады. Партияның Парламенттегі фракциясы дағдарысқа қарсы заңдар пакетін жедел, жан-жақты қарауды және қабылдауды қамтамсыз етті. Үкімет белгіленген шараларды белсене жүзеге асыруда. Соңғы уақытта әлемдік дағдарысқа қарсы тұру жөнінде үлкен шаруалар тындырылды, сондықтан да біз оның оң нәтижелерін көре бастадық. Біз озық реформаларды: салық, бюджет, әкімшілік, кеден реформаларын жүргіздік. Ұлттық қор дер кезінде құрылып, қысылтаяң шақта дағдарыстан туған мәселелерді шешуде үлкен көмек көрсетті.

Ең бастысы, қатаң экономикалық қыспақ жағдайында мемлекет бұрын қабылдаған әлеуметтік міндеттемелердің бірде-бірінен бас тартқан жоқ. Оның үстіне, жоспарланғандай бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы, зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақы мөлшерлері үстіміздегі жылы шамамен 30 пайызға өсірілді.

Елбасы «Экономиканы дағдарыстан кейін дамыту міндеттері» атты сөзінің келесі 3-ші бөлігінде алдағы 2010-2015 жылдарға арналған инновациялық-индустриялық жедел дамудың 7 бағыттағы бағдарламасын ұсынды. Бұл бағдарлама Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының аясында

жүзеге асырылады. Президент бұл жолғы индустрияландырудың өткен ғасырдағыдан өзгеше, яғни инновациялық индустрияландыру болатынын айрықша атап көрсетті. «Біздің индустрияландыру әлемдік экономиканың қазіргі даму тұрғына сәйкес болуы тиіс» екендігі баса айтылды. Съезде Н.Ә.Назарбаев алдағы уақытта ел алдына қойған 7 басым бағыттың біріншісі етіп, агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселесін қойды. Бұл съезден кейін өткен еліміздің Қауіпсіздік кеңесінде де арнайы қаралды. Сөйтіп, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуді кеңейтіп, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамсыз етуге басты назар аударылды.

Елбасы өз баяндамасында партия беделін арттыру жөніндегі міндеттерге тоқталды. «Онда партия қызметінің түйінді бағыттарының бірі Қазақстан қоғамын ұзақ мерзімді кезеңге топтастыру болып табылады. «Нұр Отанның» идеологиялық жұмысы қоғамда рухани парасаттылық құндылықтардың жаңа жүйесін орнықтыруға бағытталуға тиіс», - дей келіп, мемлекет басшысы өз сөзін былайша тұжырымдады: «Инновациялық даму, тұрмыс деңгейін жақсарту, қоғамдағы тұрақтылық - міне, партияның үш тұғырлы міндеті мен басты ұраны осы». Қазіргі кезде халық партия арқылы қоғамды тиімді басқарудың үлгісін көрді және

оған деген сенім артып отыр. Олай болса, барлық ұжымдарда партияның тапсырған жұмыстарын бастауыш ұйымдар сапалы түрде жүзеге асыруы тиіс деп ойлаймын.

Президент Жолдауларында және «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XII съезінде айтылған көкейтесті мәселелер ЖОО оқытушы-профессорлар құрамы - біздерге де қатысты. Біздер бұл міндеттерді орындауға өз үлестерімізді қосып, бар күш-жігерімізбен ат салысуға тиіспіз. Біріншіден, ол Президент Жолдауы мен Елбасының съезде сөйлеген сөздерінен туындайтын міндеттерді ел арасында, студент-жастар арасында насихаттау мен терең әрі жан-жақты түсіндіру болып табылады. Екіншіден, оқу процесіндегі дәрістер мен семинар сабақтарында, оқу материалдарында Елбасының халыққа арнаған Жолдауы мен съездегі сөзін үйлесімді пайдалану, оларға түсініктер беру, аудиториямен пікір алмасу және т.б. Үшіншіден, бүгінгі күннің заманауи талаптарына сай студенттерге берілетін білімнің сапасын арттыру, әлемдік стандартқа сәйкес білім беру. Президенттің сөзімен айтқанда: Жаңа экономика үшін кадрлар даярлау - біздің аса маңызды міндетіміз.

Қ.С.ҚАРАЖАН,
т.ғ.д., профессор

■ Награда

12 июня 2009г. решением Ученого совета Казахско-Русского международного университета ректор Казахского национального университета имени аль-Фараби, академик Бакытжан Жумагулов был награжден Почетным знаком «Золотые крылья».

ЗОЛОТЫЕ РУКИ - «ЗОЛОТЫЕ КРЫЛЬЯ»

Эта почетная награда была учреждена в 1998 году решением Сената вуза для поощрения наиболее выдающихся политиков, ученых, представителей творческой интеллигенции, деятельность которых в области образования была признана обществом и дала заметные практические результаты.

Официальное поздравление о награждении в адрес Казахского национального университета поступило от президента Казахско-Русского международного университета, профессора Т.Б.Бердимуратова. Как было отмечено в письме, академик Б.Жумагулов является вторым лицом, удостоенным Почетным знаком «Золотые крылья» за огромный личный вклад в становление и развитие демократической культуры, осуществление реформ, преобразований и стабилизацию экономики Казахстана, гражданское и политическое просвещение нового поколения.

Высокая награда в юбилейный для Казахского национального университета год является признанием заслуг университета в области прогрессивного развития образования и науки, подготовки квалифицированных конкурентоспособных специалистов, формирования гражданского общества, политической и деловой элиты Казахстана.

■ Конференция

Академик Яхия Әубәкіровке тағзым

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақстан экономикасы секілді қай саласы болсын, оның өсіп-өркендеуіне қосып жатқан үлесі ұшан-теңіз. Оны мемлекет те жетік біліп отыр. Осыған байланысты, маусымның 12-ші жұлдызында «ҚазҰУ ғалымдарының экономикалық ғылымның дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми конференция болып өтті. Бас қосу ҚР ҰҒА академигі, атақты экономист ғалым және ардақты ұстаз Яхия Әубәкіровты еске алуға арналды.



Конференция қарашаңырақтың 75 жылдық мерейтойына арналған игі істердің бірегейі болып табылады. Ол орынды да, себебі Я.Ә.Әубәкіров бүгінгі еліміздегі үздік оқу ордасының қалыптасу жолында ерен еңбекке ие. Университетте бірінші проректор қызметін атқарған кезде, ол - тұңғыш болып ҚазМУ-да философиялық экономика факультетін құрды. Академик Яхия Әубәкіров экономика теориясының өзекті мәселелеріне арнап 300-ден аса құнды еңбек жазған ғалым. Осы орайда, э.ғ.д., академик К.Н.Нәрібаев: «Ол экономика ғылымын жетілдіруге шәкірттер дайындады. Сондықтан, отандық экономика ғылымында академик Яхия Әубәкіровтың алатын орны ерекше» дейді. Конференция қонағы ММУ профессоры Айсін Азретұлы ғалыммен бұрыннан таныстығын айта келе: «ҚазҰУ мен біздің Мәскеу мемлекеттік университеті жақсы үрдістерді алға жалғап келе жатқандай. Біздің басшыларымыз жыл

сайын бір оқу ғимаратын салып, ізденушілерге жол ашамыз десе, сіздер тіпті үш ғимараттың құрылысын бастаған екенсіздер. Ғылым жолында да ірі өрі жаңа ізденістер жасарсыздар» - деген лебізін білдірді. Халықаралық ғылыми жиын барысында Т.Рысқұлов атындағы ҚазҰУ ректоры, профессор А.А.Әбішев өз баяндамасында «Қазақстан элитасының ең жарқын өкілі - академик Я.Ә.Әубәкіров» дегенге тоқталса, профессор М.С.Төлегенова Я.Ә.Әубәкіровтың іргелі зерттеулеріндегі экономикалық көзқарастарын қарастырды. Сонымен қатар, конференцияда академик К.Н.Нәрібаевтың «Қазақстанда экономика ғылымының даму басымдықтары», Қазақстан-неміс университетінің профессоры Б.Лохманның «Экологиялық мәселелерді шешудегі ғылымның рөлі», М.Ломоносов атындағы ММУ-дың кафедра меңгерушісі К.А.Хубиевтың «Жаһандық дағдарыстағы экономикалық

теорияның мәселелері мен қағидалары» және С.Демирель атындағы Қазақ-түрік университетінің профессоры О.Шахиннің «Қазақстандағы капитал айналымын басқару үдерісін зерттеу» сынды экономикалық теория мен қазіргі заман мәселелерінің әдістемелігі туралы ғылыми тұжырымдары тыңдалды. Бас қосу соңында Я.Ә.Әубәкіров атындағы аудитория салтанатты түрде ашылды. Сондай-ақ, ғалымның үлкен қызы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторияның ректоры Жәния Әубәкірованың «Әке туралы ой. Естеліктер» атты кітабының тұсауы кесіліп, ғалым еңбегінің жалғасы ретінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың кафедра меңгерушісі, э.ғ.д. Жанар Әубәкірованың «Ұлттық экономикалық теориялық әдістемелік және тәжірибелік даму мәселелері» атты кітабы көпшілік назарына ұсынылды.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ



■ **Қабілеттілік**

«Өз университетіміз — өз қолымызбен!» немесе СҚО сүрлеуі қайта жанданды



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал 1973 жылы ҚазҰУ қалашығында комсомолдық құрылыс жарияланды. Ендеше, қалашығымыздың көркеюі қашан да студенттік күш-жігердің арқасы екенін ұмытпауымыз керек.

2009 жылдың 1-маусымында студент құрылыс жасақтары қалашығымызды абаттандыруға кірісті. Алғашқы күннен-ақ жеткен жетістіктері жетерлік. Студент құрылыс жасақтарының жетістіктері жазылатын құжат — жасақ төлқұжаттары болмақ. Жазғы еңбек демалыстарының соңында төлқұжаттар ҚазҰУ тарихы музейіне тапсырылады. Аталған құжатты университетіміздің бірінші проректоры Зұлқайыр Айтмұхамбетұлы

жасақ командирлеріне табыстады.

Жиынға Студент құрылыс жасағының ардагерлері де қатысты. Ардагерлер атынан сөз алған Жарылқасын Әбілов ерекше тебіреніспен толғанды. Ұрпақтар жалғастығының белгісі ретінде «Физик» жасағының командирі Алмасбек Рүстемов «құрылыс қалақшасын» аға буынның қолынан қабыл алды. Осылай әр жастың көңілінде артқан үмітке деген жауапкершілік, патриоттық сезім, игілікті жолды жалғастырудағы зор міндет айқын көрініс тапты.

«Үздік студенттік құрылыс жасағы» байқауының бірінші кезеңі бойынша 3-орынды иеленген «Мехмат» жасағына Құрмет грамотасы мен 20 мың теңге сыйақы табысталып, екінші орын алған «Химия» жасағы Құрмет грамотасы

және 30 мың теңге сыйақымен марапатталды. Ал 1-орын және 50 мың теңге мен ауыспалы жалауша физика факультетінің студенттеріне бұйырды.

Салтанатты жиын соңында студент құрылыс жасағының өнұранын шырқаған жастар ерекше көңілді еді. Олар:

«Біз жастары жасампаз,

еркін елдің,

Болашаққа жеткізер ел тілегін,

Гүлдендіріп дала мен қаламызды,

Жаңа дәстүр, жаңа түр енгізетін», -

деп көңілге ерекше үміт пен сенім ұялатты. Біз де өнұранын асқақтатып, жастықтың отын алаулаққан еңбексүйгіш жастарды көріп марқайып қайттық.

Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ

Әбдіқаһар СЕЙТЖАНОВ, ҚазҰУ СҚЖ басшысы, заң факультеті деканының орынбасары:

- Кенестік кезеңде СҚЖ барлық жоғары оқу орындарында болды. Оған еліміздің ең белсенді студенттері атсалысқан еді. Мен 1992 жылы университетке түскенде құрылыс жасағын басқарып Торғай облысына іссапармен барған жайым бар. Осыны ескеріп ректорымыз жасаққа басшылық етуді тапсырды. Бүгінде сарбаздардың саны 150-дей, 13 жасаққа бөлінген, барлық факультеттер атсалысып отыр. Қазір университет территориясын реттеу, қалыпқа келтіру, мерейтойға дайындау мәселесімен айналысып жатырмыз. Университетпен шартқа тұрдық. Келісімшарт мезгілі 31-шілдеге дейін. Жалпы жұмыстар 1-сәуірден басталды. Алғашында студенттер сабақта болғандықтан, тек жексенбі күндері жұмыс істесе, 1-маусымнан бастап аптасына бес күн еңбек етіп келеді. Жататын жері, ішетін тамағы тегін. Жалақылары 30 мыңнан 50 мыңға дейін. Сондықтан, университетіміздің Студенттер құрылыс жасағы басқа жоғары оқу орындарының арасында оқ бойы озық келеді деп айтуға толық негіз бар.

Алмас РҮСТЕМОВ, «Физика» жасағының командирі:

- Біріншіден, ҚазҰУ-ға өз үлесімді қоссам деймін. Былтыр құрылыс жасағына қатысқанмын, сондықтан тәжірибем де жоқ емес. Екіншіден, қара шаңырағымыз басқа оқу орындарына үлгі болып жатса, біз үшін үлкен мақтаныш. Жұмысқа барлық факультеттер білек түре сыбанып кірісті. Сондықтан, физика жасағының жүзден жүйрік шықанына қуаныштымыз. Әрі біздің жасағымыз сан жағынан да көш бастап отыр, 29 сарбаз аянбай қызмет етіп жатыр. Бастысы, еңбегіміздің бағаланғанына ризамыз.

Сандұғаш КАРТАЕВА, халықаралық қатынастар факультеті жасағының командирі:

- Бүгінгі ел аузында жүрген қоғам қайраткерлерінің көпшілігі кезінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласқанын білеміз. Мысалы, біздің ректорымыз Бақытжан Тұрсынұлы да студенттер құрылыс жасағында еңбек етіп, өзінің қолымен география факультетінің маңындағы жүргіншілер жолын салған болатын. Адам өзгелерді үлгі тұта жүріп, үйренеді. Өз басым командирлердің ішіндегі жалғыз қыз бала болсам да, факультеттегі студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарын басқаруға атсалысып жүргендіктен жұмысымыз қиындық тудырмады. Студенттік құрылыс жасағының жұмыс маусымы көктемгі және жазғы болып екіге бөлінді. Көктемде әр жексенбі сайын қалашықтың тазалығына қатыстық. Ал қазір қалашықтағы игерілмеген аймақтарды, спорттық аландарды қалыптастырып жатырмыз.

■ **Жалын**

(Соңы. Басы 1-бетте)

ҚазҰУ ректоры алғысөзін ҚР Президентінің ұлттық университетке қойған бірінші талабы — бәсекеге қабілетті және жоғары білікті мамандарды дайындаудан бастап, университеттің тәрбие жұмысы базасының міндеттеріне ерекше көңіл бөлу, оның стратегиялық бағыттарын анықтау, білім беру үдерісін барынша тиімді пайдалану, білім беру жұмысы және ғылыми зерттеулерді біріктіру, студенттердің өзін-өзі басқару жұмыстарын дамыту, патриоттық және ынтымақтастық нақышта тәрбие беру секілді түйінді мәселелер желісімен бастады. «Тәрбие жұмысы — бүгінгі таңда өзекті мәселенің бірі, сондықтан оны шешу үшін университет әкімшілігі мен жастар қауымы бірігіп жұмыс істеу керек» деді өз сөзінде Бақытжан Жұмағұлов. Сонымен қатар, университет басшысы кредиттік технологияны меңгерудегі қиындықтарды, эдвайзерлік жұмысты жетілдіру, студенттерді ғылыми жұмыстарға қатыстыру, студенттердің өзін-өзі басқару жұмыстарын жаңарту, дәстүрлі студенттердің құрылыс отрядтарын жаңғырту, дини экстремизмнің таралуына жол бермеу мәселелерін де барынша атап кетті. «Қоғамдық жұмыста жүрген жастарға бей-жай қарай алмаймын. Бүгінгі таңдағы профессорлардың өздері қоғамдық жұмысты игергендігінің арқасында бүгінде белді қызметкер болып отыр. Осы уақытқа дейін бірде-бір ректор қоғамдық жұмысты жақсарту жолдарын ұсынып, дамыту қажет екендігін айтқан емес. Түрлі түнгі клубтармен қоса, мені оқу ордамыздың жастарының жайы алаңдатады. Мені қолдап келе жатқан осы отырған студенттер. Қаншама хаттар алдым. Әр

Алтын көпір айғағы



студенттің мұңын тыңдап, оған жауап беру міндетім болмақ. Сондықтан да барлығымыз бірлікте бекіп, ауызбіршілікте болсақ бәрін жеңе аламыз деп ойлаймын» деді ректор Б.Т.Жұмағұлов. Студенттер қауымы өз кезегінде ректордың бұл ұсынысын құптап, дуылдата қол соқты. Сонымен қатар, Бақытжан Жұмағұлов ұлттық университеттің патриоты болуға, ҚазҰУ-дың бұрынғы беделін жаңғыртуға бірлесе атсалысуға шақырды. Кездесудің «сұрақ-жауап» бөлімінде ректор бір жыл бұрынғы кездесуде қойылған сұрақтарға толығымен жауап берді. Атап айтсақ, жатақханалар мен асханалардың жұмысы жүйеленді, студенттер қалашығының көп бөлігі

жарықпен қамтамасыз етіліп, жатақханаларға желісіз Wi-Fi жүйесі жалғанғандығын айтып өтті. Жиналған сауалдардың көп бөлігіне жауап бере отырып, соның ішінде студенттерді мазалап жүрген ең өзекті деген мәселелер қарастырылды. Студенттер тарапынан университет бітірушілерінің кешін ұйымдастыру және қалашық жолдарының жайлы болуын қамтамасыз ету тағы да басқа ұсыныстар жасалды. Кездесуге келген университет проректорлары мен бөлім жетекшілерінің қатысуын пайдаланып ректор күн тәртібінде тұрған сауалдардың біраз бөлігін көпшіліктің көзінше шешуге тырысты. Студенттердің сұранысы бойынша, ректор жаңа оқу жылынан бастап

ауыл-аймақта тұратын студенттерге Жаңа жылды отбасымен бірге қарсы алу мүмкіндігін қарастырып, қысқы емтихандардың мерзімін өзгертетіндігін мәлімдеді.

Жиын барысында студенттер кездесуден алған әсерлерімен бөлісті. Мінбеде сөз алған Студенттер сенатының төрайымы Ғайни Серім: «75 жылды артқа тастаған университет жаңаша тыныс алып келе жатқаны барлық студент үшін қуаныш болмақ. Жастық шақтың ең керемет мезеті студенттік кезең екен. Бізде 99 пайыз белсенді жастар десем қателеспеймін. Оның себебі, 150 студенттен құралған студенттер құрылыс жасағы өз университеті үшін аянбай тер төгуде. Маған университет басшылығының студенттер қауымына көрсетіп отырған қамқорлығы мен ақпелділігі қатты ұнады. Мысалға келтіретін болсақ, қоғамдық жұмысқа араласып жүрген 100 студент Ыстықкөл демалыс аймағында тегін демалмақ. Университет әкімшілігі жастар тілектеріне құлақ асатындығына көзім жетті. Мұндай басшылықпен мәселенің басын ашып, оң шешімдер қабылдай алатынымызға сенім білдіремін», - деді өз сөзінде.

Одан кейін сөз алған экономика факультеті маслихаты төрайымының орынбасары Асфендияр Куршенов, Жоғары студенттер кеңесінің төрағасы Бауыржан Батихан, «Сұңқар» кәсіподағының төрайымы Арайлым Өмірбекова, «Алтын Сапа» пікірсайыс клубының мүшесі Ақнұр Жидебекқызы, Екатерина Беркутова сынды іргелі орда белсенділері елінің ертеңіне бей-жай

қарай алмайтын жастар екендіктерін дәлелдеді. «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы Арайлым Өмірбекова өз ұйымының әлеуметтік әлжуаз студенттерге көмек көрсететінін айта келе, Ахмет Байтұрсынұвтың «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деген нақылын дәл келтіргенін айта кеткеніміз жөн болар.

Өлемдегі 500 университеттің арасынан 150-ші орынға шыққан біздің оқу ордамыздың беделі біраз биіктегенін аңғардық. Республикалық рейтингте басты орыннан көрінген ҚазҰУ сұлбасының бейнесі білім алып жатқан әр студент, болашақ маман үшін үлкен құрмет екендігін тағы да мақтанышпен айта аламыз. Сонымен қатар, белсенді жастардың ең беделді топтарына үздік орындар тағайындалып, ректор өз қолынан сыйлықтар ұсынды. «Үздік маслихат» экономика факультетіне, «Үздік студенттер кеңесі» халықаралық қатынастар факультетіне, «Үздік кәсіподақ» биология факультетіне бұйырса, «Үздік студенттер клубы», «Алтын сапа» пікірсайыс клубы, Студенттік сенат секілді ұйымдарға арнайы сый-сияпат табыс етілді.

Өз университеті үшін қоғамдық ортада белін бекем бұған әр жас аянбай тер төгіп, «Менің ҚазҰУ-ым» деген сөзді жадынан шығармасы анық. Жылдық кездесу өз қорытындысын нәтижелі аяқтап, жастардың жанарында жалын оты лаулап шыққандығын аңғардық.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА



Смело шагая вперед

Для реализации положений «Плана основных мероприятий по реализации Стратегии развития КазНУ им. аль-Фараби на 2009-2011 годы» была проделана следующая работа:

миссией ASIIN в июле 2009 г. В настоящее время ведутся переговоры с известными аккредитационными агентствами США и Европы по аккредитации гуманитарных дисциплин: философии, политологии, социологии и психологии. С ноября 2008 г. планомерно проводится работа по подготовке и переподготовке ППС, магистрантов и студентов в зарубежных вузах. За отчетный период (апрель 2008 г. - май 2009 г.) выезжали за рубеж для участия в международных конференциях и стажировках 359 ППС и 157 бакалавров и магистрантов. В рамках стратегической задачи по повышению международного рейтинга университета было налажено активное сотрудничество с известными международными рейтинговыми агентствами РейТоп (Россия), QS World University Rankings (Великобритания). На постоянной основе ведется активный поиск бюджетного и внебюджетного финансирования науки через участие в конкурсах международных фондов и организаций: МНТЦ, CRDF, DAAD, Евразия, ЮНИСЕФ и др. ДМС всемерно способствует ППС в поиске грантов и проектных предложений международных фондов и центров.

4. Перспективы развития

международной деятельности. В рамках развития международной кооперации в сферах высшего образования, послевузовской подготовки, обмена опытом и профессорским составом, повышения квалификации ППС, проведения научных исследований и инновационных разработок, планируются следующие мероприятия: проведение экспертной оценки международных проектов и соглашений и других форм сотрудничества с точки зрения их соответствия Стратегии развития университета на 2009-2011 гг.; создание Международного консорциума по атомной энергетике в сотрудничестве с Россией и Японией; создание Казахстанско-Немецкого института научных исследований; создание Казахстанско-Немецкого учебно-производственного центра «Промышленные лазерные технологии» для подготовки специалистов по трубопроводной транспортировке нефти и газа; с целью продвижения бренда КазНУ за рубежом предполагается организовать серию выступлений Ректора КазНУ Б.Т.Жумагулова в ведущих университетах США и Европы; публикация брошюры «Стратегия развития КазНУ им. аль-Фараби» на английском языке и ее размещение на сайте КазНУ; разработка концептуально



нового сайта Университета на английском языке, адресованного зарубежным посетителям; с целью изучения опыта управления в области высшего образования, науки, воспитательной и хозяйственной деятельности предлагаются визиты проректоров в ведущие университеты мира; создание программы по международной журналистике с Посольством США; аккредитация образовательных программ по гуманитарным специальностям международными аккредитационными агентствами Европы и США; включение КазНУ в список университетов-участников проекта «Университет ШОС» по подготовке специалистов в области экологии, нанотехнологии и регионоведении; проведена

подготовительная работа по приему на работу зарубежных топ-менеджеров и ППС на долгосрочной основе; создание программ двойных дипломов в ведущих университетах России, США, Канады, Германии, Испании, Франции и России; развитие КазНУ им. аль-Фараби как международного центра образования в Центрально-Азиатском регионе с достойным позиционированием в мировом образовательном пространстве; открытие Центра подготовки студентов КазНУ для обучения за рубежом; в рамках предстоящего председательства Республики Казахстан в ОБСЕ начать выпуск с 2010 г. нового международного журнала «Диалог Восток-Запад» 4 раза в год; увеличить число иностранных студентов, обучающихся в КазНУ; разработку предложений в МОН РК об изменении правил поступления для иностранных граждан; приглашение зарубежных ППС из ведущих вузов мира на постоянную работу (не менее чем на 1 год); разработка и выпуск брошюры «Жить, учиться и работать в КазНУ имени аль-Фараби» для иностранных студентов и ППС.

5. Создана дисциплинарная комиссия по борьбе с коррупцией для совершенствования систем контроля и радикального повышения уровня борьбы с коррупцией.

З.А.МАНСУРОВ,
первый проректор

■ 28 маусым — Журналистер күні

Ұлттық журналистиканың алтын ғасыры алда

Әуелде сөз болған. Сөз құдіретінің алдында әлем бас иеді. Қазақ та «Өнер алды қызыл тіл» дейді. Сондықтан да адамзат қоғамында журналистиканың орны ерек екені даусыз. Әрине ол бірден пайда болған жоқ. Бірақ, оның тууына сол қоғамның өзі себепші болды, дүниеге әкелді, үміт күтті. Осы орайда, маусым айының соңғы жексенбісін журналистер қауымының ғана төл мерекесі емес деп түсінген жөн шығар.

Бүгінгі қазақ елінде журналистиканың деңгейіне әркім әрқилы баға береді. Десе де, аталған саланың соңғы жылдары біршама алға жылжығаны айқын. Отандық бұқаралық ақпарат құралдарының саны ғана емес, сапасы да едәуір артып келеді. Соңғы бір-екі жылда мерзімді баспасөздің пәрменділігі, қазақ тіліндегі электронды бұқаралық ақпарат құралдарының саны артып, қазақ теледидарының да бағдарламалық ассортименті байыды. Тарихы бай «Қазақстан» телеарнасы техникалық жағынан қайта жасакталып, салалық арналарға қарай бетбұрыс жасалынды. Әсіресе, журналистиканың түрлі жанрларының феникс құстай қайта жанданғаны байқалады. Тіпті, «Медианет» сынды жеке журналистік мектептердің ашылуы өрі оған қатысушылар легінің толастамауы да біраз жайттан хабардар етсе керек.

Журналистиканың ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын Елбасы да ерекше түсініп отыр.

Сондықтан, Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Еларнаның» жастар аудиториясына негізделуі тәуелсіз еліміздегі елеулі оқиға.

Осы орайда, алда шешілер түйіндер де аз емес. Солардың бірі республикамыздағы БАҚ саласына сандық технологияның енгізілуі. Бұл журналистиканың сапасын одан өрі арттыра түсері хақ. Аталған мәселені Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед те жиі көпшілік назарына ұсынып жүр. Сандық технологияның енгізілуі шетелде радионың мүмкіндіктерін арттырып, салалық арналардың көптеп ашылуына, саннан сапаға көшуге өрі түрлі аудиторияның сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік беріп келеді. Тағы бір айта кетерлігі, Қоғамдық телеарна ашу жөніндегі келелі ойлар да ел назарын аударып отыр.

Қазақ журналистикасы дегенде ақпараттық қауіпсіздіктің де қатар қозғалуы орынды. Себебі, бүгінгі постиндустриалды

қоғамда журналистиканың рөлі сөзсіз арта түскен. Тіпті, ақпараттық соғыстар белең алған шақта бұл үлкен маңызға ие бола бастады. Ресей кәсіпкерлерінің ағылшындардың байырғы басылымдарын аттай қалап, сатып алуы да еріккеннің ермегі емес, заман талабы. Сондықтан, тәуелсіздігіне аз жыл толған Қазақстанға мүдделер қайшылығының көленкесі түспесін десек, ақ пен қараны ажырату жолында қазақ журналистеріне де үлкен міндет жүктелетіні анық. Аталған мәселеде кей кезде ұлттық көзқарас пен танымның жеткіліксіздігі де қылан беретіні бар. Әрі бұған тілдік барьерді қосыңыз. Заман талабы жаңа межелерді алға қояды. Осы орайда, әлемдік тілдерді меңгеру қазақ журналистикасын да бір саты жоғарылаты анық. Өйткені, бір ғана ақпарат көзін пайдалану қашан да біржақты ойлауға лажсыз итермелейді. Қазақ журналистикасына қолбайлау болып отырған тағы бір жайт — жоғары техника-технологиялардың шабандап енгізілуі. Бұл теледидарда көріністердің қарабайырлығына, сұйықтығына әкеліп, оперативтілікті шектеп отыр. Мәселен шетелде тікұшақтары бар басылымдар мен телеарналар жаңалық емес.

Қашаннан БАҚ еліміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік және мемлекеттік бәсебістікті арттырудағы бағыттарына серпін беруде жұмыла қызмет атқарып келеді. Бұл

рейтингісі өте жоғары университетіміздің стратегиялық бағытымен сәйкес келетін құндылық. Осы мақсатта, біздің әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қашан да республикамыздағы БАҚ өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста. Бұған университетіміздің ұйымдастыруымен бұрнағы жылдары өткен журналистер арасындағы тастаяқ бойынша жарыстар, бас редакторлардың жиыны дәлел бола алады. Биыл да Журналистер күні университет басшылығының назарында. Аталған мерекеге орай, университет ректоры Бақытжан Жұмағұлов кәсіби біліктілігімен және объективті көзқарас арқылы тәуелсіздігіміздің нығаюына, мемлекетіміздің өркендеуіне зор үлес қосып келе жатқан елімізге танымал БАҚ ұжымдарын арнайы құттықтайды.

Рас, қазақ журналистикасының алтын ғасыры өлі алда. Қалай айтсақ та, алға жылжу, ұмтылыс, талпыныс бар. Ізденістер де жоқ емес. Қоғамда да журналистиканың мән-маңызын түсіну бар. Себебі, қазақ — сөзге тоқтаған халық. Тіл өнерін дертке балаған ел. Азаматтық қоғам институттарының бірі — БАҚ болса, ендеше, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманның тірегі де, тілекшісі де журналистер болмағы абзал. Осыған орай, «Қазақ университеті» газеті өз әріптестерін төл мерекелерімен құттықтайды!

«Қазақ университеті»



КазНУ – крупный методический и консультативный центр Казахстана

Казахский национальный университет имени аль-Фараби является крупным методическим центром в республике, на базе которого работает секция республиканского учебно-методического совета по гуманитарным и естественнонаучным специальностям МОН РК. Для вузов Казахстана в отчетном учебном году на базе КазНУ разработаны: государственные общеобразовательные стандарты (ГОСО), типовые учебные программы, минимум содержания обязательного компонента базовых дисциплин для всех специальностей ГОСО нового поколения и др. Сформирована электронная база ГОСО.



Организованы и проведены консультации для вузов Республики по многим проблемам учебно-методической работы. Регулярно рассылается информация о выпускаемых издательством «Казак университеті» типовых учебных программах, учебниках, учебно-методических пособиях и монографиях по электронной почте и размещается на сайте Секции РУМС mo.kaznu.kz; проводятся выставки учебников, учебных пособий и типовых программ, изданных в КазНУ.

В соответствии с высоким потенциалом ГПС Казахстана национальный университет имени аль-Фараби провел в течение учебного года экспертизы учебников и учебных пособий, авторами которых являлись профессорско-преподавательский состав 27 вузов Казахстана. Проведена экспертиза 131 учебника и учебных пособий, разработанных преподавателями разных вузов республики на предоставление грифа МОН РК и секции РУМС. 2 учебника рекомендованы на предоставление грифа МОН РК, 119 – одобрены на предоставление грифа секции РУМС, 10 – отклонены как не соответствующие по содержанию. Проведена экспертиза госстандартов и типовых учебных программ, разработанных преподавателями ряда вузов республики. Много внимания уделяется разработке и экспертизе нормативных документов МОН РК. Департаментом учебно-методической

работы направлены в Министерство образования и науки РК предложения по проектам следующих документов: «Двудипломное образование»; нормативы расчета в академических часах объема исследовательской практики по специальностям магистратуры; концепция классификатора специальностей высшего и послевузовского образования; макет классификатора докторантуры PhD и др. Подготовлены и проведены заседания Совета Секции РУМС с приглашением проректоров 20 вузов Казахстана и зарубежных профессоров, посвященные актуальным проблемам развития высшего образования Казахстана. Выпущены 5 сборников статей профессорско-преподавательского состава КазНУ и других вузов Казахстана.

КазНУ выступил с инициативой включения 21 специальности в Классификатор специальностей высшего и послевузовского образования, переименования 1 специальности и разделения 2 специальности. В новый Классификатор РК включены 19 специальностей.

На основании проведенного мониторинга книгообеспеченности дисциплин учебного плана специальностей, изучения дополнительной потребности сторонних организаций образования в учебниках и учебных пособиях был составлен и утвержден тематический план издания выпуска учебной

и научной литературы на 2009 г. по университету. Совместно с библиотекой и факультетами университета сформирован заказ на приобретение учебной литературы.

Департаментом учебно-методической работы разработан первый Каталог элективных учебных дисциплин для специальностей бакалавриата на 2008-2009 учебный год, включающий 1000 дисциплин на казахском и русском языках.

В 2009 году получены лицензии на образовательную деятельность в МОН РК по 5 специальностям. Для сравнения: за два предыдущих учебных года получены лицензии только по 2 специальностям.

Уделяется существенное внимание работе по формированию нового мышления преподавателей и повышению уровня их квалификации: был организован внутривузовский конкурс «Лучший преподаватель КазНУ» и проведены консультации по подготовке документов на республиканский конкурс. 27 преподавателей нашего университета стали обладателями республиканского гранта «Лучший преподаватель вуза». Успешно проведен форум «Лучший преподаватель КазНУ им. аль-Фараби и 39 научно-методическая конференция ГПС КазНУ им. аль-Фараби «Совершенствование качества высшего образования в свете Болонского процесса: реалии, проблемы и перспективы» (29 января 2009 г.). Совместно с UCL (Лондон, Великобритания) разработана программа развивающих курсов, на которых прошли обучение 14 победителей конкурса «Лучший преподаватель вуза».

Перспективы и стратегические задачи секции РУМС на базе КазНУ им. аль-Фараби и Департамента учебно-методической работы представляются следующим образом: дальнейшее развитие и укрепление позиций Секции гуманитарных и естественнонаучных специальностей РУМС, учебно-методических комиссий и подкомиссий для генерации новых идей в области развития высшего и послевузовского образования Республики Казахстан; разработка новых конкурентоспособных образовательных программ, нового поколения учебников и учебных пособий, прежде всего, на государственном языке, повышение их качества. В связи с интернационализацией образования и присоединением к Болонскому процессу необходима планомерная работа по обучению преподавателей КазНУ для работы в новой образовательной среде.

Г.К.АХМЕТОВА,
проректор по УМО

В мае 2008 года Казахским национальным университетом им. аль-Фараби была принята новая Стратегия развития КазНУ им. аль-Фараби на 2009-2011 годы «Через новый менеджмент – к новому качеству подготовки специалистов» в свете поручений Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева.

Модернизация научно-инновационной деятельности КазНУ



Согласно Плану основных мероприятий по реализации Стратегии развития Казахского национального университета им. аль-Фараби одним из трех основных направлений является модернизация системы менеджмента науки и инноваций, которая включает 6 положений: Активный поиск бюджетного и внебюджетного финансирования науки; Создание действенной подсистемы востребованности научных результатов; Углубление связи науки с образовательным процессом; Совершенствование научной и инновационной инфраструктуры Университета и обеспечение ее сотрудничества с национальной инновационной системой страны и бизнес-сообществом; Кардинальное повышение качества исследований и разработок с выходом на результаты международного уровня; Обеспечение полноценной интеграции университета в мировое образовательное пространство, международного признания дипломов.

Для реализации этого плана Департаментом науки и инновационной деятельности было выполнено 24 мероприятия. Среди проведенных мероприятий можно выделить следующие наиболее значимые, направленные на совершенствование университетской науки: Создан Научный совет по фундаментальным и прикладным программам; Подписан меморандум о совместном сотрудничестве в сфере промышленных лазерных технологий для нефте- и газопроводов с немецким консорциумом Technology Broker, Bremen, подготовлен проект программы «Развитие промышленных лазерных технологий и внедрение их на предприятиях Республики Казахстан» и представлен в Комитет науки МОН РК.

На базе филологического факультета открыт Институт Абая. На базе исторического факультета открыт Центр археологии и этнографии. На базе юридического факультета открыт Институт государства и права; В конкурсе фундаментальных научных исследований МОН РК на 2009-2011 годы выиграли 129 проектов. Объем финансирования – 194898,0 тг. Создана рабочая группа (сопредседатели М.К.Наурызбаев, С.Ж.Токмолдин) для разработки научно-технической программы «Разработка проблем нанонауки и нанотехнологии, создание научных основ получения наноматериалов с заданными свойствами». Проект научно-технической программы был разработан и представлен на заседании ВНТК 8 мая 2009 года; Подготовлены проекты для программы «Культурное наследие» и направлены в Министерство информации и культуры РК.

Ректор КазНУ им. аль-Фараби, академик Б.Т.Жумагулов уделяет пристальное внимание развитию университетской науки. Вопросы совершенствования научно-исследовательской и инноваци-

онной деятельности университета обсуждались ректором и ведущими учеными на совещаниях 04.12.2008г., 10.01.2009г. По итогам данных совещаний были поручены задания по 16 пунктам. Выполнены 15 поручений. Поручение, касающееся создания Совета партнеров по инновационной деятельности находится на стадии разработки. 19 июня 2009г. планируется совещание с участием ректора, академика Жумагулова Б.Т. по перспективам разработки и выполнения учеными университета научно-технических программ по актуальным направлениям.

В рамках юбилейных мероприятий были запланированы 44 конференции. Из них на сегодняшний день проведена 31 конференция. Из выполненных нами можно отметить следующие:

1. III Международный Конгресс студентов и молодых ученых «Мир науки», в рамках которого проведены конкурс на знание истории КазНУ, 25 республиканских студенческих предметных олимпиад. В конгрессе принимали активное участие всего 5031 человек, в том числе в конгрессе – 3421 человек, в конкурсе на знание истории КазНУ – 482 человека, в олимпиадах – 1128 человек, 560 участников из США, Германии, Индии, Франции, Турции и городов Республики Казахстан;

2. 1-4 июля 2009 года в городе Алматы в Казахском национальном университете им. аль-Фараби будет проходить III Конгресс Всемирного математического общества тюркоязычных стран. Организация данного научного форума осуществляется при участии Администрации Президента РК.

Участвовать в работе Конгресса изъявили желание более 616 ведущих ученых Турции, Казахстана, Азербайджана, Кыргызстана, Узбекистана, России, США и других стран.

3. Также к юбилею университета подготовлена книга о 100 лауреатах Ленинской, Сталинской, Государственной премии СССР, Государственной премии КазССР, Государственных премий РК выпускников, работавших и работающих сотрудниках университета.

Необходимость прорывных научно-технических программ, которые реально внесут вклад во все сферы жизнедеятельности общества и государства, определила следующие перспективы развития научной и инновационной деятельности университета:

1. Обеспечить эффективное функционирование Национальной нанолaborатории открытого типа.

2. Определить возможности диверсификации финансирования научной деятельности университета.

3. Совершенствование инновационной системы университета.

Н.М.ТЕМИРБЕКОВ,
проректор по научной работе

Игісі

Тұма тарихтың тың деректері

Жуырда университетіміздің тарих факультетінде ҚазҰУ-дың 75 жылдығына арналған халықаралық дәстүрлі Бекмаханов оқулары аясында «Қазақстанның тарих ғылымының өзекті мәселелері, табыстары және болашағы» тақырыбында ғылыми конференция өтті.

Конференцияға Италия, Қырғызстан, Ресей ғалымдары қатысып, өзара ортақ ой бөлісті. Оған Тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу мемлекеттік сервис университеті гуманитарлық кафедрасының меңгерушісі Д.А.Аманжолова, Е.Б.Бекмахановтың туған-туыстарынан жұбайы және қызы, белгілі ғалым Н.Е.Бекмаханова арнайы шақырылды. Бекмаханов оқулары тарих ғылы-

мындағы өзекті мәселелерді жан-жақты талдап және талқылауға мүмкіндік туғызатын шара.

Конференция төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды. Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі өзекті мәселелері, өлем тарихы, жаһандану және интеграция аясында зерттеудің жаңа әдістері, тарихнама, деректану және тарихты зерттеудің әдістері, Қазақстандағы археологиялық және этнологиялық зерттеулер нәтижелері мен болашағы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының Отандық ғылымның өзекті мәселелерін зерттеудегі үлесі. Тың құндылықтар көзімен өткізілген конференция аясынан біраз деректерге қанық болдық.

Жанат ҚАСЫМБЕК

Кафедра

«Бұл – қазақтың қара шаңырағы» деп таныстырды бізге кезекші мұғалім әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттық университетін. Қазак әдебиетінен болған олимпиадада тапсырманы бір сағатта жазып болған мен, қалған екі сағатында осы білім ордасы жайлы толғана ойландым.

Мен ҚазҰУ-ды неге таңдадым?

Бұл ұлы шаңырақтың табалдырығымен қазақтың небір ұлылары жүрген... М.Әуезов, З.Қабдолов, т.б. оның күәсі. Енді мен алтын ұя ҚазҰУ-ды өз өміріммен байланысын еске алдым. Бұл көркем ғимараттарға мен кішкентайымнан тамсанатынымын. 2-ші сынып оқығанымда, жыл сайын өтетін «ҚазМУ бәйшешегі» атты қыз сынына қатысқанмын. Сол кезден бастап менің бұл университетке деген қызығушылығым басталды. Сол жылы 3-ші орын алып, мақтан тұтарлық «Ерке қыз» деген номинацияға ие болып, апталық газетке де шыққанмын. Мен үшін ол сайыс балалық шағымның жарқын көрінісі болса, ҚазҰУ-дың да осы жерде алатын маңызы кем емес. Сол мезеттен бастап университет маған ыстық ұя болған-ды. Енді міне, мектеп бітіріп, жоғары оқу орнын таңдайтын кез де жетті. Журналистика мамандығын таңдаған мен ҚазҰУ-ды бірінші қатарға жазып қойдым. Сөйткенде, әкем маған шай үстінде сәби кезімнің қызық бір оқиғасын айтып берді. Мен енді тәй-тәй басып жүргенімде, жанұямын «Наурыз» мейрамына атап өтуге ҚазҰУ-дың алаңына келіппіз. Наурыздың жайма шуақ күнінде ойын-сауық тамашалап жүргенде, мен қаз-қаз басып анамның жанынан кетіп қалыппын. Сонда біраз жерге барған мені бір топ болып келе жатқан зиялы ағаларымыздың ішінен Әбу Сәрсенбаев атамыз көтеріп алып: «Мынау кімнің баласы? Айналайын, өркенің өссін!» деп батасын берген екен. Сосын артымнан жетіп келген әкем мені көтеріп алып, ары қарай жүріп кеткенбіз. Бұл қарапайым әңгіме мен үшін үлкен оқиға болды. Біріншіден, ол тағы да әрине, ҚазҰУ-мен байланысты болса, екіншіден, өзімнің таңдаған мамандығым бекер емес болар деген ойға қалдым. Бұл университет әрқашанда маған өзінің ыстық лебізін білдіреді, оның зәулім ғимараты, әсем алаңы мен көркем таулы көрінісі – бәрі де маған ерекше жылу төгіп, мейіріммен аялағандай.

Айжан БЕРЕКЕТҚЫЗЫ,
Алматы қаласы, 13 орта мектебінің түлегі

Стратегия развития КазНУ

За период с июня 2008 года по июнь 2009 года подведомственными проректору по развитию и правовым вопросам подразделениями была проделана значительная работа по реализации задач, поставленных ректором университета, академиком Б.Т. Жумагуловым в Стратегии развития КазНУ им. аль-Фараби на 2009-2011 годы в свете поручений Президента РК Н.А. Назарбаева.

Ниже приводится краткая информация о проделанной работе по отдельным направлениям:

1. Управление. Была модернизирована корпоративная структура управления университетом посредством новой структуры функционально-дизвиональной системы управления университетом, функционального анализа положений и других нормативных актов всех структурных подразделений университета, разработки стратегических планов основных подразделений университета, Концепции управления персоналом и Кодекса корпоративной культуры.
2. Правовое обеспечение. В целях приведения в соответствие с действующим законодательством были внесены изменения и дополнения в Устав КазНУ им. аль-Фараби, разработаны учредительные документы и проведена государственная регистрация 14 ассоциаций выпускников и т.д.
3. Поручения Ректора. На постоянной основе осуществляется контроль качества выполнения Плана основных мероприятий по реализации Стратегии развития КазНУ им. аль-Фараби на 2009-2011 годы в свете поручений Президента РК Н.А. Назарбаева. Также осуществляется постоянный контроль исполнения всех поручений Ректора. Так, из 577 поручений, данных за отчетный период, выполнено 541, остальные на стадии выполнения.
4. Кадровые вопросы. В рамках Концепции управления персоналом осуществляется кадровое планирование численности персонала, формирование системы мотивации и поощрения сотрудников, внедрение внутреннего обучения, повышение уровня кор-

- поративной культуры и сплоченности персонала, пересматривается штатная расстановка, утверждены Правила проведения конкурсного отбора ППС, разрабатываются программы СДО (дистанционного обучения) для оптимизации затрат сотрудников.
5. Имиджевая деятельность. Разработана имиджевая концепция университета как основной документ для маркетинговой и имиджевой деятельности, включающая структуру и содержание имиджа, описание и содержание бренда КазНУ.
6. Рекламная деятельность. Разработана структура рекламной кампании, установлены контакты с рекламными агентствами для составления бюджета, проанализирована целевая аудитория, выбраны и просчитаны необходимые каналы коммуникации, полностью разработана текстовая и содержательная часть рекламной кампании, подготовлен список преимуществ университета, подготовлены концепция и варианты нового современного слогана университета.
7. Информационные технологии. Разработан и запущен в эксплуатацию новый информационный портал университета на трех языках, создан инструмент для удаленного администрирования, в общежитиях созданы компьютерные классы с доступом в интернет, в учебных и жилых корпусах развернута беспроводная сеть Wi-Fi, до начала учебного года беспроводная сеть покрывает всю территорию КазНУ. Полным ходом идет разработка и внедрение системы элек-

- тронного документооборота (СЭД) – установлен и запущен сервер для СЭД, подготовлены 300 видов документов, сформированы 80 шаблонов, заполнены и подготовлены справочники СЭД. Разработан проект «Электронный университет», создан интерактивный учебный портал Интранет.
8. Оптимизация работы издательства. Выявлены недостатки и определены пути их решения, сокращены расходы путем налаживания работы с подрядчиками и поставщиками (экономию до 30%), а также путем реорганизации структуры подразделения (экономию до 10%).
9. Система менеджмента качества. В целях обеспечения процессного подхода и охвата всех основных и вспомогательных процессов, управленческой деятельности было увеличено количество документированных процедур от 38 до 56. Пересмотрены Политика и цели в области качества. Определено новое содержание СМК, успешно проведен сертификационный аудит и получен международный сертификат соответствия СМК университета требованиям ISO 9001:2000. Во всех структурных подразделениях университета постоянно проводится внутренний аудит в целях выявления несоответствий и их устранения. В целях оптимизации деятельности университета проведен подробный анализ функциональных обязанностей сотрудников административно-управленческого аппарата
10. Развитие университета

В марте 2009 года был проведен SWOT-анализ (strength – сильные, weakness – слабые, opportunities – возможности, threats – угрозы) по основным показателям деятельности КазНУ им. аль-Фараби. Итоги проведенного SWOT-анализа показывают рост по всем основным показателям деятельности университета. Вместе с тем, для определения критериев развития необходимо выполнить: Анализ всего потенциала университета – кадрового, научного, финансового, образовательного, имиджевого; Сопоставление ценных данных с соответствующими показателями и количественными данными ведущих вузов СНГ и дальнего зарубежья; Определение количественных и качественных критериев развития университета на среднесрочный и долгосрочный периоды.

Дальнейшая детализация направлений развития по поручению ректора будет осуществлена проректорами до начала учебного года и будет оформлена внесением дополнений в План основных мероприятий по реализации Стратегии развития КазНУ имени аль-Фараби на 2009-2011 годы. Вышеуказанная работа станет основой долгосрочной Стратегии развития КазНУ им. аль-Фараби до 2020 года.

Н.М.ЫБЫРАЙЫМ,
проректор по развитию и правовым вопросам

Бюджет Университета – основной инструмент благополучного развития

Финансовые средства КазНУ имени аль-Фараби формируются за счет оказания следующих видов услуг: обучение за счет государственного заказа (государственные образовательные гранты), платное обучение, научно-исследовательские работы, прочие поступления от неосновной деятельности (плата за проживание, культурно-массовые, спортивно-оздоровительные и прочие услуги).

Финансирование Университета в последние годы существенно растет. Так на образование по госзаказу приходится 36 %, на платное обучение -25%, на науку -1%, на прочую деятельность -2%. Остальное приходится на прочие капитальные трансферты и стипендиальное обучение.

Продолжается строительство объектов второй очереди университета: учебный корпус химического факультета общей площадью 18613 кв.м., учебный корпус механико-математического факультета общей площадью 18460 кв.м., учебный корпус физического и географического факультетов общей площадью 22981 кв.м., два аудиторных блока общей площадью 14240 кв.м.

Производится реконструкция и ремонтно-восстановительные работы. Реконструкция главного входа и перехода в галереях музея КазНУ общей площадью 1508 кв.м., капитальный ремонт по территории университета от памятника аль-Фараби до комбината питания с прилегаю-

щей территорией площадью 7760 кв.м., капитальный ремонт комбината питания «Интернет кафе» на тресте мест общей площадью 2230 кв.м., сейсмоусиление железобетонных конструкций, капитальный ремонт главного учебного корпуса юридического факультета и факультета экономики и бизнеса площадью 11726 кв.м., капитальный ремонт учебного корпуса биологического и географического факультетов площадью 29564 кв.м. Также проведен капитальный и текущий ремонт в студенческих общежитиях и других сооружениях университета.

В результате системных мер по усилению контроля над поступлением и расходованием средств, комплексных проверок и повышению эффективности финансово-хозяйственной деятельности удалось увеличить объем закупок требуемых товаров, работ и услуг в большом объеме за те же деньги.

Проведен анализ действующего штатного расписания и пред-



ложена оптимизация штатов. Проведены расчеты по фонду оплаты труда на 2008-2009 год и за счет оптимизации структуры изысканы средства на увеличение заработной платы. В результате средняя заработная плата увеличена на 25%. Минимальная заработная плата составила 30.0 тыс.т напротив существовавшей 15.0 тыс.т. С 1 июля 2008 года выплачивается пособие на оздоровление к трудовому отпуску в размере месячного должностного оклада. Общий фонд оплаты труда увеличен более чем на 400.0 млн.тенге. Просроченной задолженности по заработной плате, на-

логам, коммунальным услугам за 2008 год не имеется.

За отчетный период осуществлен переход на международные стандарты финансовой отчетности. Произведена переоценка основных средств, в результате общая балансовая стоимость основных средств университета увеличилась почти на 100 млн. тенге. Финансовая отчетность университета за 2008 год подтверждена независимой аудиторской компанией на соответствие международным стандартам финансовой отчетности. Университет также успешно прошел все виды проверок государственных контрольных органов. В целом из плана основных мероприятий по реализации стратегии развития КазНУ им. аль-Фараби на 2009-2011 гг. из основных разделов выполнено 26 пунктов. В целях дальнейшего совершенствования деятельности КазНУ необходимо создать основной инструмент процесса – бюджет Университета. При всей сложности процесса составления бюджета крупного Университета, его можно рассматривать как условие устойчивого экономического развития.

С.Б.ШАХМЕТОВ,
проректор по экономическим и производственным вопро-



Құрмет

5-6 маусымда ҚазҰУ, филология факультетінің ұйымдастыруымен ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, ф.ғ.д. профессор Аманжолов Алтай Сәрсенұлының 75 жылдық мерейтойына арналған "Түркі әлемі: мың жылдық тоғысындағы тіл, тарих және мәдениет интеграциясы" атты халықаралық симпозиум өтті.



Ғұмырын ғылымға
арнаған ғалым

қамтитын түркі тілдерінің тарихи грамматикасы мен көне түркі жазуы тарихының бүге-шігесін саралап, таразылауға аянбай тер төгіп келеді. Ғалымның аталған тақырып бойынша жазылған екі жүзге тарта ғылыми еңбегі жарық көрді. Сонымен қатар бұл еңбектердің кейбір нұсқалары шет тілінде де жарияланды. Сондай-ақ, ғылым теңізінде өз еңбегінің нәтижесі деп оның жетекшілігімен қалыптасқан екі ғылым докторын, он жеті ғылым кандидатын ерекше атап өтуге болады. ҚазҰУ, жалпы тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының толық мүшесі, Қазақстан Республикасы Өнер академиясының академигі

А.С.Алтаевтың 75 жылдық мерейтойына арнап университет ұжымы да өз сый сияпатын тарту етті. Мәселен, филология факультетінің деканаты мен әр кафедра ұжымы ғалымға жылы лебіздерін жеткізіп естелік сыйлық табыс етсе, ҚазҰУ-дың "Парасат" кәсіподақ комитеті өкілдері мен даму және құқықтық мәселелер жөніндегі проректор Нұрлан Ыбырайым да өз ілтипаттарын тарту етуден аянып қалмады. Ғылымға тигізген орасан еңбегі үшін алғыстарын жеткізді. Бірнеше игі шаралардың тоғысуына себеп болған бұл жиыннан келген қонақтар да тіл білімі саласының қордаланған мәселелерін шешуге деген үлкен сеніммен тарасты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ҚазҰУ бесігіндегі тәрбие тетігі

"Тәрбиесіз берілген білім қорқынышты" деген әл-Фараби бабамыздың өсиеті сан ғасыр өтсе де, маңызын жоймақ емес. Жас буынды білім аспанына қанаттандыра отырып, оларды оңды тәрбиелеу жолдарын да естен шығармаған абзал. Терең алынған білім тиянақты тәліммен ұштасқанда ғана тәуелсіз елдің білімгерлеріне ертеңгі ел болашағын сенімді түрде аманат ете аламыз. Тәрбиенің бір қыры – тіл екендігін ескерсек, біз ҚазҰУ ұжымы студенттерімізге "Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте" деген қағиданы ұғындыра білуіміз тиіс. Осы орайда Тіл және тәрбие жұмыстары ҚазҰУ-дың 2009-2011 жылдарға арналған даму Стратегиясында көрсетілген университеттегі аса маңызды міндеттердің бірі болып саналатындығын ерекше атап өткен жөн.

75 жылдық тарихи асыл қазынаға толы үздік университет қашаннан да студент-жастармен жұмыс жүргізіп, оларға патриоттық және мәдени тәрбие беру мәселесін назардан тыс қалдырған емес. Оған дәлел ретінде осы оқу жылының өзінде Стратегияны жүзеге асыру аясында атқарылған тәрбие жұмысының негізгі көрсеткіштерін атап өту қажет. Осыған орай, оқу жылы ағымында факультеттерде және университет көлемінде тәрбиелік сипаттағы 398-ден аса түрлі іс-шара өткізілді. Университет көлемінде қоғамдық дертке қарсы акциялар, дөңгелек үстелдер жүзеге асып, тәрбиелік маңызы жоғары қоғамдық-саяси, мәдениет және өнер қайраткерлерімен кездесулер, университеттің атақты тұлғаларымен, құқыққорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулер, пікірсайыстар, байқаулар, фестивальдар, викториналар, шығармашылық-тақырыптық, мерекелік кештер, ардагерлермен кездесулер, спорттық жарыстар, қайырымдылық акциялар, слеттар, ғылыми конференциялар өтті.

Университетте қызығушылықтары бойынша 100 студенттік бірлестік пен ұйым, үйірме мен клубтар жұмыс істейді. Ағымдағы оқу жылында студенттер активінің саны өткен жылғымен салыстырғанда 3 есе өсті. Биыл ҚазҰУ қалашығында 1 маусымнан бастап 14

студенттік құрылыс жасағы жұмыс істейді. 2008 жылдың қыркүйегінен бастап студенттер үшін тегін тренажер залдарының жұмысын ұйымдастырудың нәтижесінде, сабақтан тыс уақытта спортпен шұғылданатын студенттердің саны 2,6 есеге өсті. Көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысушы студенттердің саны 121-ден 453-ке дейін өсті. Мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған 17 жалпыуниверситеттік іс-шара өткізіліп, оның ішінде түрлі байқаулар, 10 фестиваль, 2 дөңгелек үстел, 5 пікірсайыс турнирі өтті.

Осы жылы университетте алғашқы рет «Ғылым әлемі» атты студенттердің халықаралық конгресі шеңберінде «Мемлекеттік тіл – менің тілім» секциясы жұмыс істеді. «Тіл – татулықтың тірегі» атты Қазақстан халықтарының тілдер фестивалі, аудармашылар байқауы, орыс бөлімдерінде оқитын студенттер арасында қазақ тілі бойынша жалпы университеттік «Мемлекеттік тілдің үздік білгірі» атты олимпиада ұйымдастырылды. Сондай-ақ, университет туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалардың саны едәуір өсті.

Біздің даму болашағымыздың басты бағыттары білім сапасын басқару мен Болон үдерісінің ұстанымдарын меңгеруге студенттерді тарту үшін жағдай жасау, университеттің жастар



саясаты тұжырымдамасын әзірлеу, оқытушы-профессорлар құрамының тәрбие жұмысы мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік конференция ұйымдастыру, интерактивті режим бойынша студенттер мен эдвайзерлер арасында сауалнама жүргізу, эдвайзерлерге арналған біліктілікті арттырудың арнайы курстарын әзірлеу, тренингтер мен семинарлар өткізу, университеттің корпоративтік стилін жасау, мемлекеттік тілді дамыту бойынша жалпыуниверситеттік Кеңес құру болып жіктеледі. Сонымен қатар, қазақ тілінің стандарты бойынша жұмысты аяқтау, қазақ тілін меңгеру деңгейін растайтын сертификаттың мақұлданыуы басты назарда қаралып, қазақ тілін іс-қағаздарды жүргізудің негізі ретінде толыққанды қызметіне көшуін қамтамасыз етуді жүзеге асырудамыз. Бұдан басқа, студенттік альманах шығару, студенттік телевизия құру, университеттің БАҚ-пен қарым-қатынасының жаңа стратегиясын әзірлеу секілді жаңа жобалар тізбесі іске асырылуда.

Шолпан ЕРБОЛҚЫЗЫ,
Тіл және тәрбие ісі жөніндегі проректор

Біздің тарих

САНДАР
сыр шертеді

1970 жыл
12 ақпанда радиохабар және телевизия кафедрасы құрылды.
1 қыркүйек күні салалық экономикалар кафедрасы құрылды.
Академик, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының Лауреаты, Ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, Қазақстан Республикасы механиктер мектебінің негізін қалаушы Ө.А.Жолдасбеков ректорлық қызмет атқарды.
Қазақ мемлекеттік университетінде С.М.Киров атындағы музей ашылды.
1971 жыл
Сәуір айында ҚазМУ қалашығы құрылысының іргетасы қаланды.
25 мамырда қолданбалы математика кафедрасы құрылды.
14 маусым күні жалпы және молекулалық физика кафедрасы молекулалық физика болып өзгертілді.
28 маусым айында жалпы және бейорганикалық химия кафедрасы негізінде бейорганикалық химия, жалпы химия кафедралары құрылды.
8 шілдеде физиканы оқыту әдістемесі кафедрасы құрылды.
11 шілде күні археология және этнография кафедрасы құрылды.
13 шілде айында математиканы оқыту әдістемесі кафедрасы құрылды.
30 тамыз айында органикалық химия кафедрасы екі дербес кафедраларға: табиғи қоспалар химиясы мен органикалық химия кафедрасына бөлінді.
2 қыркүйекте криминалистика, қылмыстық процесс кафедралары құрылды.
9 қыркүйек күні КПСС тарихы кафедрасы екі дербес кафедраға: жаратылыстану факультеттерінің КПСС тарихы және гуманитарлық факультеттерінің КПСС тарихы кафедрасына бөлінді.
15 қыркүйек айында физикалық және газ динамикасы кафедралары құрылды.
2 қазанда жаратылыстану факультеттерінің философиясы, гуманитарлық факультеттер философиясы, философия тарихы, этика және эстетика кафедралары құрылды.
8 қазан күні өсімдіктер биохимиясы кафедрасы құрылды.
1972 жыл
13 сәуірде студенттердің конструкторлық бюросы ұйымдастырылды.
27 шілдеде механика және қолданбалы математика факультеті жұмыс жасай бастады.
6 қыркүйек күні алгебра және математикалық логика кафедрасы құрылды.
Физика факультетінің доценті Б.Г.Ахметоваға монокристаллдар негізінде ядролық реакцияларда көлеңке әзфектісін зерттеуі мен ашуы үшін СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

1973 жыл
30 наурызда биофизика кафедрасы құрылды. 8 маусым күні жаратылыстану факультеттерінің саяси экономика кафедрасы және гуманитарлық факультеттерінің саяси экономика кафедрасы құрылды.
6 тамыз айында математикалық қамсыздандыру кафедрасы құрылды.
1974 жыл
30 қаңтарда коллоидтық және физикалық химия кафедрасы құрылды.
4 шілде күні геоморфология кафедрасы құрылды.
15 тамыз айында әкімшілік құқық кафедрасы құрылды.
Қазақ мемлекеттік университеті – Халықаралық университеттер Ассоциациясының мүшелігіне (МАУ) қабылданды.
1975 жыл
7 мамырда табиғатты қорғау және бастапқы оқыту әдістемелері, биология, жануарлар биохимиясы кафедралары құрылды.
11 шілде күні АСУ қамсыздандыру кафедрасы құрылды.
800 орындық студенттік асхана жұмыс жасай бастады.
1976 жыл
Қыркүйек айында орта арнаулы оқу орындары оқытушыларының біліктілікті көтеру факультеті өз қызметін бастады.
7 шілдеде молекулалық физика кафедрасы жылу физикасы кафедрасы болып, физикалық газ динамикасы кафедрасы физикалық гидродинамика кафедрасы болып өзгертілді.
17 қыркүйек күні Совет журналистикасының теориясы мен практикасы, журналистік шеберлік және әдеби-редакциялау, қолданбалы анализ кафедралары құрылды.
1977 жыл
1 ақпанда ихтиология және зоология кафедрасы құрылды.
17 ақпан айында филология факультетінде араб тілінің бөлімі ашылды.
1980 жыл
"Биофизика" оқу ғылыми-әндірістік бірлестігі құрылды.

(Жалғасы келесі санда)

Дайындаған Роза УМАРАЛИЕВА





■ Тұсаукесер



Студенттердің қарашаңырақтың 75 жылдығына тартуы

Жастар – қоғамның борометрі, қозғаушы күші. Бүгінгі таңда бұл қағида санамызға берік ұялаған. Себебі, мемлекеттің әр қадамы мен оң шешімдері елдің болашағы үшін жасалып жатыр десек, онда сол болашақтың сұлбасы бүгінгі жастардың бет-бейнесінен көрініс табады. Ал «бүгінгі жастардың белсенділігі қандай деңгейде?» деген сауалдың жауабы дәл қазіргі «Болашақ – жастардың қолында» деп жүрген қоғамымызда аса маңызды. Елдің ертеңі, келешектің кепілі жастар екені ақиқат. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деуінің де астарында осы ұлы аксиома жатса керек.

Жастардың өркен жаюына ҚазҰУ әрқашанда қолдау көрсетіп келеді. Мәселен, маусым айының 3 жұлдызында ҚазҰУ-дың журналистика факультеті баспа ісі және редакциялау кафедрасының 1-курс студенттері «Селтеткізер» жинағының тұсаукесерін жасап, оны қасиетті қарашаңырақ ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойына тарту ретінде арнады. Ондағы құнарлы сөз, өрнекті ойдан туындалған жастар әдебиеті жүрек тебіреністерінен туған десек артық айтқандық емес. «Селтеткізер» жүректерді елп еткізіп, санадағы сенді қозғардай селт еткізе болғаны» дейді шығарушылар.

Кешті қазақ кітаптану ғылымының негізін салушы Шерияздан Елеукевтеңі дуалы қарт ұстаз баталы сөзбен ашып, «Селтеткізер» кітабына ақ жол тіледі. Баспа ісі және редакциялау кафедрасының меңгерушісі Сағатбек Медеубек бұл үрдістің алда да жалғасын таба беретініне сенім білдірді. Себебі, «Асаба» баспасынан жарық көрген жинақ баспа ісі және редакциялау кафедрасының аға оқытушысы, «Қазақ университеті» газетінің Бас редакторы Дәрмен Смайлдың жетекшілігімен «Баспа ісінің негіздері» пәні негізінде студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру нәтижесінде дүниеге келген. Студенттер басылымның редакциялау процесінен бастап, дизайнын жасауға араласып, баспаханадан басу кезіндегі техникалық процестерге дейін тікелей өздері атсалысқан. Жинақтың ерекшелігі – Қазақстанда бұрын-соңды 1 курс студенттері жинақ шығарып көрмегендігінде жатыр. Бұған дейін баспа ісі және редакциялау кафедрасында жыл сайын дәстүрлі түрде 4 курс студенттері ғана кітап шығарып келген болатын. Бұл аталған үрдіс 1 курс студенттерінің жаңаша дамыта түскендігінің айқын көрінісі. Сондай-ақ, басылым Қазақстанда шықпай тұрып сатылып қойған ерекшелігімен де таңсық дүние екені сөзсіз.

Тұсаукесер рәсімінде студенттер өз шығармаларын оқып, жырдан моншақ өріп, көңіл түкпіріне біраз ой тастады. Ондағы жастардың алғырлығы, тазалығы күпті көңілдің қыртысын жазғандай.

Қазақ кітабының өркендеуі – болашақтың өркендеуі. Кітап – адамзат өмірінде елеулі рөл атқарар, жан-дүниенің сарқылмас бұлағы іспетті асыл мұра болып табылады. Ал «Селтеткізер» жастардың жинағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мерейтойына арналған зор тарту ғана емес, сонымен бірге қарашаңырақтың жас мамандарды даярлауға қосып жатқан өлшеусіз еңбегі екені даусыз.

Жанат ҚАСЫМБЕК

■ Ынтымақ

Бірлік өркеніметке жетелейді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдығы мен факультеттің 20 жылдығына орай, университет ұжымы мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының өкілдері біріге отырып, жуырда «Біз-Қазақстандықтармыз!» атты ауқымды мереке ұйымдастырды. Бұл шара ҚазҰУ-дың 2009-2011 жылдарға арналған Даму стратегиясының бағдарламасы аясында өткізілді.

Дүниенің саяси картасында өз еліне тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің мәдениеті мен рухани өсуіне, олардың материалдық әлауқатының көтерілуіне жағдай жасап отырған елдер өте сирек. Солардың бірі – Қазақстан. Ұйғырлар мен армяндар, өзбектер мен татарлар, немістер мен поляктар, әзербайжандар өз ана тілі мен мәдениетін оқуға, ұлттық мерекелерін тойлауға мол мүмкіндіктері бар. Елімізде ұлттық мәдени орталықтар өз қызметтерін сәтті атқаруда. Мемлекетіміздің ішкі саясатын жүзеге асыруда Қазақстан халықтары Ассамблеясының еңбегі зор.

Қазақстан халқы достығының, патриотизмі мен интернационализмінің дәлелі ретінде – 1 мамыр күні тойланатын Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өтуге болады. Елдегі жоғарғы оқу орындарының көшбасшысы ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де Қазақстанның

барша халқының бірлігі мен ынтымағын нығайтуға бағытталған мемлекет саясатын жүзеге асыруға атсалысуда. Сондықтан да шығыстану факультетінде ҚазҰУ-дың барлық факультет студенттері мен оқытушылары, Қазақстанның ұлттық мәдени орталықтары өкілдерінің қатысуымен өткен «Біз – Қазақстандықтармыз!» атты мерекелік шараның маңызы зор.

Мереке аясында патриоттық тақырыпта ұйымдастырылған шығарма және жыр сайыстарының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Шығарма сайысында 1 орынды шығыстану факультетінің 3 курс студенті Хегай Юлия, 2 орынды география факультетінің 1 курс студенті Тен Зоя, 3 орынды шығыстану факультетінің 2 курс студенті Майя Глазinskая иеленді. Ал жыр сайысында көзге түскен философия және политология факультетінің 2 курс студенті Г.Беркутова 1 орынды, шығыстану факультетінің 1 курс студенті

Мария Соколова 2 орынды, механика-математика факультетінің 1 курс студенті Мстислав Борисенко 3 орынды иеленді. Олар арнайы диплом және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Мерекенің қадірменді қонақтары ретінде Қазақстан халықтары Ассамблеясының Ұлттық мәдени орталықтардың өкілдері қатысты. Олардың қатарында Алматы қаласы корей ұлттық орталығының жауапты хатшысы Палагина Лариса Львовна, «Ахысқа» түрік ұлттық мәдени орталығының өкілі Әлімова Зухра Фазылқызы, күрт ұлттық мәдени орталығының төрағасы, белгілі шығыстанушы ғалым, ф.ғ.д., профессор Мирзоев Князь Ибрагимұлы, орыс обцинасының төрағасы Момот Сергей Михайлович, ұйғыр ұлттық мәдени орталығының өкілі Хамраев Талғат, украин мәдени орталығының төрағасы, Қазақстан украиндері Қауымдастығы төрағасының орынбасары, Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі Лымаренко Валентин Павлович, пол-қоғамның өкілі Ирина Павлюкевич қатысты.

Мереке кезінде, ұлт тілдерінде және шығыс тілдерінде өн айтылып, би билек. Мысалы, механика – математика факультетінің 2 курс студенті Тлямов Сардордың орындауында Абайдың «Көзімнің қарасы» әні, 2 курс студенті Күнікеев Аманның күйі, 3 курс студенті Әнуарбек Қайырымның орындауындағы түріктің «Гүлбейім» әні, 1 курс студенті Галаев Зелимханның орындауындағы «Лезгинка» биі, 3 курс студенті Ахметов Ермектің орындауындағы араб әні, 1 курс студенті Қайыпбергенова Наргизаның орындауындағы ағылшын әні, парсы әнін орындаған қыздар дуэті көпшіліктің көңілінен шықты.

Шараны өткізудегі мақсат жас буынның бойындағы патриотизмді нығайту, Қазақстан халқының достығы мен бірлігін берік ету. Сонымен қатар өзге ұлт мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауды барша әлемге үлгі ету.

Жеңісбек ӘБІЛДАЕВ,
Шығыстану факультеті
декаанының тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары



■ Жұлде

V Дельфи ойындарында да ҚазҰУ алда

Маусым айының 10-11 жұлдызында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дарынды студенттері Алматыда өткен Қазақстанның жастар арасындағы ұлттық Дельфи ойындарының іріктеу турына қатысты.

«Ұлттық аспаптар» номинациясы бойынша жүлделі орынды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері жеңіп алды. Бөйгелі орынның үшеуін де халықаралық қатынастар факультетінің екінші курс студенті Ерғали Анесов, заң факультетінің бірінші курс студенті Әлібек Мұхамеджанов, механика-математика факультетінің бірінші курс студенті Марат Өмірбеков иеленді.

«Халық өндері», «Академиялық өлең» және «Цирк» номинациялары бойынша жүлдегер атанған ҚазҰУ студенттері -

Әсел Қарасаева (философия және саясаттану факультетінің 3 курс студенті), Марал Жанакеева (география факультетінің 1 курс студенті), Нұргиса Қайралапов (филология факультетінің 1 курс студенті). «Эстрада өндері» номинациясына қатысқандардан халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенті Александр Цой бас бөйгені жеңіп алды.

Дельфи ойындары – өнердің классикалық және қазіргі заман жанрларын біріктіретін комплекстік жарыстар. Бұл жарыстың бір ерекшелігі музыкалық білімі бар студенттер мен өлі қанаты катаямаған жас дарындар тең дәрежеде бақтарын сынап алады. Аталмыш жарысқа қатысу, әрі жеңу жоғары мөртебеге жету мүмкіндігін беріп қана қоймай, халықаралық беделін нығайтуға және Қазақстандағы жастар қозғалысының дамуына жол ашады.

Біздің студенттердің Қазақстан абы-

ройын қорғау үшін Халықаралық Дельфи ойындарына қатысып, әрі жүлделі орындарға қол жеткізуі ҚазҰУ мерейтойының қарсаңында жастар қауымының лайықты сыйы. Себебі, киелі қарашаңырақтың да студенттер шығармашылығына қосар үлесі зор. Мәселен, іріктеу турда өткен жеңімпаздардың көбі алғашқыда Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайының «жұлдыздары» атанған.

ҚазҰУ шәкірттерінің арасынан шыққан эстрада «жұлдыздары» Динара Қырықпаева мен Аша Матайды ауыз толтырып айтсақ болады. Биылғы жылдың жеңімпазы Марал Жанакееваны бұл-бұлдай үніне тамсанған тыңдармандар қауымы оны «екінші Бибігүл Төлегенова» деп атайды екен.

Меруерт САХОВА,
химия факультетінің 1-курс
студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ;
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;
Бөлім менгерушісі – Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ,
Редакторлар – Шынар ӨСКЕМБАЕВА,
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Жанат ҚАСЫМБЕКОВА;
Фототілші – Алматы МҰХАМЕДЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: тікелей: 377-35-20
ішкі: 11-94,

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел: 8 (727) 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
Тапсырыс 10528

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.